

Бала кезіндегі арманы орындалыпты

Оразай ЖЕҢІСҰЛЫ

Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында «100 жаңа есім» жеңімпазымен жүздесу өтті. Оқырман жасөспірімдер кездесуге арнайы келіп, кәсіпкер азаматпен сұхбат құрды.

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткен «100 жаңа есім» байқауында жеңіске жеткендердің бірі – Қуаныш Сүлейменов. Жарма ауданындағы «Шалабай» шаруа қожалығының иесі ол. Қуаныштың шаруа қожалығы – асыл тұқымды ірі қара санын көбейту бойынша еліміздегі көш бастап тұрған шаруашылықтарының бірі. Еңбек жолын білім саласынан бастап, кәсіпкерліктің кілтін тапқан кәсіпкер өз тәжірибесімен бөлісіп, жас оқырмандармен әңгіме дүкен құрған еді.

«Өзім ауылда туып-өстім. Ауылдың табиғатын, тіршілігін сөзбен суреттеу оңай емес. Ондағы бірінің қуанышын бірі бөліскен ағайынның тату берекесі, меймандос көңілі қашанда маған ыстық еді. Содан жырақтағым келмейтін. Сондықтан болар бала арманымның түп-қазығын да сонда қададым. Сол жолда еңбектендім».

Қуаныш Сүлейменов ақжарма әңгімесін осылай бастаған еді. Көрермен жастар ағаларының бала арманы жайында қаузап сұрады осы сәтте.

– Мектеп қабырғасында оқып жүргенде, шамамен алтыншы-жетінші сынып кездерім болуы керек, шығарма жаздық. Арман туралы. Сонда өзім сонша сүйетін ауылымның басшысы болғым келетіндігі жайында жазсам керек. Осындағы ағайынның бәріне көмектескім келеді деппін. Мектеп бітірген кезде ұстазым сол жазбамды қолыма



ұстатты. Сақтап жүрген екен. Сол сәтте көкейіме бір мұрат түйдім. Бала арманыма жетемін дедім. Мақсат бар, енді тек еңбектену керек болды. Аз тер төкпедім. Қиындықсыз арман асуы бағынбайды, бірақ – деген оның сөзіне бала оқырмандар тәнті болды. Олар да осындай бір арманға ұмтылды ма дедік?!

Кәсіпкер бұл күнде ауылына, ондағы мектепке, оқушыларға, өзі ықыласына жарып өскен ауылдық ағайынға қамқор бола алатын дәрежеге жеткенін айтты. Қолдан келген көмегін аямайтын көрінеді. Тура арманындағыдай.